

4 маусым 2020 ж.

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2020 жылғы бірінші тоқсандары қаржылық нәтижелер**

Нұр-Сұлтан, 2020 жылғы 4 маусым – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы, тәуелсіз аудитордың аралық қаржы ақпаратын ауқымды тексерудің қорытындысы туралы есеппен бірге «Аралық қаржы есептілігі» 34-ші халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес өзірленген 2020 жылғы бірінші тоқсаның қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жариялады.

2020 жылғы бірінші тоқсандары негізгі қаржылық көрсеткіштері¹:

- EBITDA² көрсеткіші 2019 жылғы бірінші тоқсандары көрсеткішпен салыстырғанда 43,7%-ға төмендеп, 275 млрд теңгені (702 млн АҚШ доллары) құрады;
- Бос ақша ағыны³ 26 млрд теңгені (66 млн АҚШ доллары) құрады;
- 2020 жылғы 31 наурызда Компанияның таза қарызы 6 185 млн АҚШ долларын құрап, 2019 жылдың соңында 6 171 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда еш өзгеріссіз қалды деуге болады.

| | Өлшем бірлігі | 2020 ж.1-т. | 2019 ж.1-т. | % |
|--|------------------|-------------|--------------------|--------|
| Мұнай, Brent dated | \$/барр. | 50,10 | 63,13 | -20,6% |
| Орташа бағам | теңге/ АҚШ долл. | 391,72 | 378,04 | 3,6% |
| Түсім | млрд теңге | 1 376 | 1 765 | -22,0% |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдастан компаниялар пайдасындағы үлесі | млрд теңге | 65 | 219 | -70,2% |
| Таза пайда | млрд теңге | 70 | 309 | -77,5% |
| EBITDA ² | млрд теңге | 275 | 488 | -43,7% |
| Бос ақша ағыны ³ | млрд теңге | 26 | -46 | 156,0% |
| Таза қарызы ⁴ | млрд теңге | 2 769 | 2 361 ⁵ | 17,3% |

¹ Қолайлы болу үшін сомалар тиісті кезеңдерін орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2020 және 2019 жылдардың бірінші тоқсанында орташа бағамдары тиісінше 391,72 және 378,04 теңге/АҚШ долларын құрады; кезең соңындағы бағамдар – 2020 ж. 31 наурызда және 2019 ж. 31 желтоқсанда тиісінше 447,67 және 382,59 теңге/АҚШ долларын құрады).

² 2019 жылдан бастап Компания Қаржылық кірісті есептен шегерे отырып, Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization (EBITDA) есептеу тәсілін қайта қарады. ҚМГ-ның 2019 жылғы және кейінгі кезеңдердегі есептерінде Компания EBITDA-ны мынадай әдістеме бойынша есептейді: Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтерден түсken кіріс + БК мен қауымдастан компаниялар пайдасындағы үлесі, нетто – Сатылған өнімдерін мұнай, мұнай өнімдерін және басқа да материалдардың веіндік құны - Өндірістік шығыстар - Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату бойынша шығыстар – Операциялық салық. Өткен кезеңдердің көрсеткіштері тиісінше қайта санауды.

³ Компания бұган дейін Каспий Құбыр Консорциумына берілген қарыз бойынша түсімдерді қоса отырып, 2019 жылдан бастап Бос ақша ағынын есептеу тәсілін қайта қарады. Бос ақша ағыны операциялық ақша ағыны (ТШО-ның мұнай жеткізу шарты бойынша таза төлемді шегергенде) мен курделі шығындар арасындағы айырма + бұрын Каспий Құбыр Консорциумына берілген қарыз бойынша түсімдер түрінде есептеледі. Өткен кезеңдердің көрсеткіштері тиісінше қайта санауды.

⁴ 2020 ж. 31 наурыздағы таза қарызға Бейнеу-Шымкент газ құбырының (БШГК) синдикатталған қарызы бойынша 290 млрд теңге (648 млн АҚШ долл.) сомасындағы кепілдемелік міндеттемелер, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ қарызының 1,9 млрд теңге (4,2 млн АҚШ долл.) сомасындағы кепілдемелік міндеттемелер және 52 млрд теңге (116 млн АҚШ долл.) сомасындағы жалға алу міндеттемелері кірмейді: 2019 ж. 31 желтоқсандағы таза қарыза БШГК синдикатталған қарызы бойынша 262 млрд теңге (684 млн АҚШ долл.) сомасындағы кепілдемелік міндеттемелер, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ қарызы бойынша 1,9 млрд теңге (4,9 млн АҚШ долл.) сомасындағы кепілдемелік міндеттемелер және 47 млрд теңге (123 млн АҚШ долл.) сомасындағы жалға алу міндеттемелері кірмейді.

⁵ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы таза қарыз.

2020 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелер:

- Мұнай мен газ конденсатын өндіру деңгейі 5 929 мың тоннаны құрап, 2019 жылғы бірінші тоқсандағы деңгеймен шамалас болды;
- Мұнай мен газ тасымалдау сегменті салыстырмалы түрде тұрақты, 18 517 мың тонна мұнай мен 28 320 млн м³ газды құрады;
- Отандық және рұмын мұнай өндіре зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,9%-ға азайып, 4 660 мың тоннаны құрады.

| | 2020 ж. 1-тоқс. | 2019 ж. 1-тоқс. | % |
|------------------------------------|-----------------|-----------------|-------|
| Мұнай өндіру, мың тонна | 5 929 | 5 939 | -0,2% |
| Газ өндіру, млн м ³ | 2 260 | 2 173 | 4,0% |
| Мұнай тасымалдау, мың тонна | 18 517 | 19 660 | -5,8% |
| Газ тасымалдау, млн м ³ | 28 320 | 25 881 | 9,4% |
| Мұнай өңдеу, мың тонна | 4 660 | 4 901 | -4,9% |

Егжей-тегжейлі ақпаратты 2020 жылғы бірінші тоқсандағы өндірістік нәтижелердің қорытындысы жөніндегі баспасөз хабарламасынан оқи аласыздар: <http://ir.kmg.kz/ru>.

2020 жылғы бірінші тоқсандағы қаржылық нәтижелерге шолу

Тұсім және басқа да кірістер

2020 жылғы бірінші тоқсандағы тұсім 1 376 млрд теңге (3 513 млн. АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылдың осындағы кезеңдегі көрсеткіштен 22,0%-ға тәмен. Тұсім динамикасына негізінен Брент маркалы мұнайының орташа бағасының 19,7%-ға тәмендеуі және KMG International (KMG I) мұнай трейдингі көлемінің азаюы теріс әсер етті, бұл газ экспортты көлемінің ұлғаюымен және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айырбас бағамының 3,6% тәмендеуімен ішінара өтелді. 2020 жылғы бірінші тоқсандағы KMG I компаниясының мұнай және мұнай өнімдерін сатудан тұсken тұсімі 236 млрд теңге (602 млн. АҚШ долл.) және 267 млрд теңге (681 млн АҚШ долл.) құрап, 2019 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштен тиісінше 44,1% және 30,5%-ға тәмен болды. Отандық газды экспортқа сатудан тұsken тұсім 206 млрд теңгеге (527 млн. АҚШ долл.) дейін 15,3%-ға артты.

Бірлескен көсіпорындар мен қауымдастыран компаниялар пайдасындағы үлесі 2020 жылғы бірінші тоқсанда негізінен «Тенізшевройл» ЖШС (ТШО), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ), «Азиялық Газ құбыры» ЖШС (АГҚ), «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» (БШГҚ) және «ҚазРосГаз» ЖШС пайдасындағы үлестің азаюы нәтижесінде 70,2%-ға кеміп, 65 млрд теңгени (167 млн АҚШ долл.) құрады. Брент маркалы мұнайдың орташа бағасы 19,7%-ға құлдырауы нәтижесінде ТШО және ММГ пайдасындағы үлесі есептік кезеңде тиісінше 39,5% және 73,7%-ға тәмендеп, 64 млрд теңгени (163 млн АҚШ долл.) және 6 млрд теңгени (16 млн АҚШ долл.) құрады. АГҚ, БШГҚ және ҚазРосГаз пайдасындағы үлесі АҚШ долларына шаққандағы ұлттық валюта – теңгенің 13,7%-ға арзандауы салдарынан бағамдық айырма бойынша шығындарды растау нәтижесінде тәмендеді.

Өзіндік құн және өзге де шығыстар

Есептік кезеңде кейіннен өткізу үшін сатып алынатын мұнай, газ және мұнай өнімдерінің өзіндік құны және шикі мұнайды өңдеуге жүмсалған шығындар 2019 жылғы бірінші

тоқсанмен салыстырғанда 30,5%-ға азайып, 741 млрд теңгені (1 893 млн АҚШ долл.) құрады. Осы көрсеткіштің азаюы шикі мұнайды сатып алуға жұмсалған шығынның азаюына және мұнайға бағаның тәмендеуіне байланысты болды. Бұл сатып алынатын газ шығындарының өсімен және АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуімен ішінара өтелді. Мұнайды сатып алуға жұмсалған шығын сомасы 407 млрд теңгеге (1 038 млн. АҚШ долл.) дейін 33,8%-ға тәмендеді. Өндөрге арналған мұнай құны 45,5%-ға тәмендеп, 123 млрд теңгені (315 млн АҚШ долл.) құрады. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газ сатып алуға жұмсалған шығыны 140 млрд теңгеге (359 млн. АҚШ долл.) дейін 9,4% артты.

Брент маркалы мұнайдың болжамды бағаларына қатысты, АҚШ долларына шаққандағы теңгенің айырбастау бағамы және инфляция көрсеткіштері бойынша ұзак мерзімді болжалды есептеудерді қайта қарау нәтижесінде ҚМГ 60 млрд теңге (154 млн АҚШ долл.) сомасындағы «Ембімұнайгаз» АҚ активтер бағасының құнсыздандыуын, сондай-ақ Ural Group Limited және ПетроҚазақстан Инк. бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастар компанияларға тиісінше 20 млрд теңге (51 млн АҚШ долл.) және 18 млрд теңге (46 млн АҚШ долл.) сомасында салынған инвестициялардың құнсыздандыуын раставды.

2020 жылғы бірінші тоқсанда өндірістік шығындар 2019 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда шамалы өсіп – 7,1%-ға, 174 млрд теңгені (445 млн АҚШ долл.) құрады.

2020 жылғы бірінші тоқсанда табыс салығынан өзге салықтар 20,5%-ға кеміп, 94 млрд теңге (241 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл көрсеткішке негізінен Брент маркалы мұнай бағасының тәмендеуі салдарынан ренталық салық және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша шығынның азаюы әсер етті.

2020 жылғы бірінші тоқсанда қаржылық шығындар 67 млрд теңгені (171 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы осындағы кезеңімен салыстырғанда 21,5%-ға кем түсті. Аталған шығындар негізінен ТШО мұнайын аванстаса аясындағы міндеттемелердің 2019 жылдың соңында мерзімнен бұрын орындалуына байланысты азайды.

Таза пайда

Есептік кезеңде Компанияның таза табысы 2019 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 77,5%-ға азайып, 70 млрд теңгені (177 млн АҚШ долл.) құрады. Таза табыстың азаюына Брент маркалы мұнайға орташа бағаның тәмендеуі, активтер бағасының құнсыздандыуын раставы ықпал етті. Бұл табыс салығынан басқа өзіндік құн шығындарының азаюымен және үлттық валюта теңгенің әлсіреуі нәтижесінде бағамдық айырмадан түскен кіріспен ішінара өтелді.

Салық төлемдері және басқа да міндетті төлемдер 281 млрд теңгені (718 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы осындағы кезеңдегі көрсеткіштен 24,3%-ға төмен.

Борыштық жүктеме

2020 жылғы 31 наурызда Компанияның қарызы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 15,5%-ға үлғайып, 4 433 млрд теңгені (9 901 млн АҚШ долл.) құрады. 2020 жылғы 31 наурызда көпілдемелік міндеттемелердің қоса алғандағы Компанияның таза қарызы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 15,2%-ға артып (доллармен есептегендеге 1,5%-ға азайды), 4 725 млрд теңгені (10 554 млн АҚШ долл.)

күрады. Қарыздың 469 млрд теңгеге дейін өсуіне АҚШ долларындағы облигация мен қарыздарға шетел валютасының айырбастау бағамы ықпалын тигізді. Бұл ретте, 2020 жылғы 31 наурызда доллармен есептегендегі Компанияның жалпы қарызы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы 10 030 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткіштен 1,3%-ға азайып, 9 901 млн АҚШ долларын қүрады. Сондай-ақ, Атырау мұнай өндеу зауыты (АМӘЗ) жаңа өндеу нысандарын қаржыландыруға The Export-Import Bank of China-дан (Эксим Банк) алғынған валюталық қарызды қаржыландыру үшін 2020 жылғы қаңтарда Қазақстан Даму Банкінен 46 млрд теңге (121 млн АҚШ долл.) ұзақ мерзімді қарыз алды және 110 млн АҚШ доллары (42 млрд теңге) сомасына қарызды мерзімнен бұрын ішінара өтеді.

2020 жылғы 31 желтоқсанда шоғырландырылған ақша қаражаты және олардың баламалары, сондай-ақ депозит түріндегі ақша қаражаты 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 12,7%-ға ұлғайып, 1 664 млрд теңгені (3 716 млн АҚШ долл.) қүрады. Ақша қаражаты және олардың баламалары төңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамының 13,7%-ға төмендеуі нәтижесінде ұлғайды. Доллармен есептегендеге шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары 2019 жылғы 31 желтоқсандағы 3 859 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 3 716 млн АҚШ долларына дейін шамалы азайды.

Жоғарыда баяндалғаның нәтижесінде, 2020 жылғы 31 наурызда ҚМГ таза қарызы 2 769 млрд теңге (6 185 млн АҚШ долл.) қүрады. Бұл теңгемен есептегендеге 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткіштен 17,3%-ға жоғары (доллармен есептегендеге 0,2%-ға жоғары).

2020 жылғы бірінші тоқсандағы басты оқиғалар:

- 2020 жылғы 27 наурызда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі мұнай бағасының төмендеуіне байланысты ҚМГ рейтингісін «тұрақты»-дан «жағымсыз» деп қайта қарады;
- 2020 жылғы 27 наурызда Fitch халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ рейтингісін «BBB-/Болжам тұрақты» деңгейінде раставды;
- 2020 жылғы сәуір-мамыр айларында ҚТГ 2027 жылы өтелуі тиіс 43,38 млн АҚШ доллары сомасында кепілдікті облигацияларды ішінара сатып алды.

Егжей-тегжейлі ақпаратты мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <http://ir.kmg.kz/>

Байланыс деректері:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 62 27

«ҚазМұнайГаз» үлттық компаниясы АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» Үлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші компаниясы. ҚМГ көмірсүтектерді барлау, өндеуден бастап, тасымалдауға, өндеуге және мамандандырылған қызмет көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылып, Қазақстанның мұнайгаз саласындағы мемлекеттің мүддесін қорғайды.

ҚМГ-ның негізгі активтері:

Барлау және өндіру: Тенізшевройл (ТШО) - 20%, Қарашиғанақ (ҚПО) - 10%, Қашаган – 8,44%⁶, Өзенмұнайгаз (ӨМГ) - 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) - 50%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) - 100%, Қазгермұнай (ҚГМ) - 50%, ПетроҚазақстан (ПҚИ) - 33%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) - 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚOA) - 50%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) - 100%, ҚазМұнайТеніз - 100%.

Мұнай мен газ тасымалдау, газ маркетингі: ҚазТрансОйл - 90%, Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚҚ) - 50%, Мұнай Tac - 51%, Batumi Oil Terminal - 100%, КҚК – 20,75%⁷, Қазақтенізкөлікфлоты - 100%, ҚазТрансГаз - 100%, ИОА - 100% , АГҚ - 50%, ҚТГ Аймақ - 100%, БШҚ - 50%, ҚазРосГаз - 50%.

Өндеу: ПМХЗ - 100%, АМӘЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International - 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%.

⁶ 2015 жылғы қазанда Самұрық-Қазына опциондық келісімге сәйкес 2020 және 2022 жылдар ішінде акцияларды сатып алу құқығымен Қашаганның 50% үлесін сатып алды. ҚМГ және Самұрық-Қазынаға Қашаганның барлығы 16,88% үлесі тиесілі.

⁷ ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.